

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ 2025

Маңғыстау облысы

«BCC Invest» АҚ
Талдау және зерттеу департаменті

Алғы сөз

Құрметті серіктестер мен мүдделі тараптар!

Біз Маңғыстау облысының макроэкономикалық шолуын назарларыңызға қуана ұсынамыз. Бұл өңір дәстүрлі түрде өзінің табиғи ресурстарының, стратегиялық орналасуы мен дамып келе жатқан өнеркәсіптік әлеуетінің арқасында Қазақстан экономикасында негізгі рөл атқарады.

Өткен жыл облыс үшін тұрақты өсім мен жаңа мүмкіндіктер кезеңі болды. Сырттан келетін қатерлерге қарамастан, өңір экономикасы өнеркәсіптік өндірісті кеңейту, инфрақұрылымды жаңғырту және инвестициялық ахуалды жақсарту есебінен де одан әрі дамуға бейімділік пен әлеуетті көрсетеді.

Маңғыстау облысы Қазақстандағы инвестициялар үшін барынша тартымды бағыттардың бірі болып қала бермек. Мұнай-газ секторын дамыту, экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ бизнесті қолдаудың белсенді мемлекеттік бағдарламалары ұзақ мерзімді өсу үшін қолайлы жағдай жасайды.

Біз осы шолудың өңірдің ағымдағы жағдайының объективті көрінісін білуге, ынтымақтастық үшін болашағы бар бағыттарды айқындауға және сараланған инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Құрметпен,



«BCC Invest» АҚ
Басқарма Төрағасы
Шаяхметов Д.Н.



BCC Invest АҚ
Басқарма Төрағасының орынбасары
Уразаков А.Н.

Мазмұны

I ЖІӨ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІНІ РЕТРОСПЕКТИВТІ ТАЛДАУ	4
ЖІӨ	04
Жергілікті бюджет	12
Инфляция	14
Демография	17
Облыстың сыртқы экономикалық сауда қызметі	20
Облысқа салынған инвестицияның динамикасы	22
II МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ	26
III ОБЛЫСТЫҢ ДАМУЫНА БОЛЖАМ ЖАСАУ	30
IV ВСС INVEST ТАЛДАУШЫЛАРЫНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ	35
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	39



ЖІӨ макроэкономикалық деректеріні ретроспективті талдау

2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) экономикасы номиналды мәнде 85 триллион теңгені құрады, ал нақты мәнде ел 4,1% -ға өсті. Салалар нақты өсудің негізгі драйверіне айналды:


Ескертпе:
салалар жоғары көрсеткіштен нақты өсуге үлес бойынша сұрыпталған

- I «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» (бұдан әрі – «Сауда») – 6,5%;
- II «Өңдеуші өнеркәсіп» – 4,9%;
- III «Құрылыс» – 10,1%;
- IV «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» (бұдан әрі – «Ауыл шаруашылығы») – 10,8%;
- V «Көлік және қоймалау» (бұдан әрі – «Көлік») – 8,0%.

2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 17 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала бар. Маңғыстау облысының үлесі шартты түрде елдегі салым бойынша алтыншы және облыстардың арасында төртінші орында тұр.

Маңғыстау облысы көмірсутегінің бай ресурстарының арқасында ел экономикасында маңызды орын алады. Облыстың жалпы өңірлік өнімінің (бұдан әрі – ЖӨӨ) үлесі Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) құрылымында соңғы бес жылда құндық мәнде орташа алғанда шамамен 4,3%-ды құрады.

1-сурет.
2024 жылдың 9 айындағы ЖІӨ-нің нақты өсуіне қосқан үлесі бойынша өңірлердің декомпозициясы



Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы

1-суретте батыс өңірдің (оның ішінде: Батыс Қазақстан облысы, Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Маңғыстау облысы) елдің нақты өсуіне қосқан үлесі жмынтығында -4,6% құрағаны көрінеді, мұнда негізгі теріс әсерді Атырау облысы көрсетті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Атырау облысы өнеркәсібінің нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) 96,3-ті құрады. Мұндай нәтиже көбінесе мұнай өндіру көлемінің төмен екенімен түсіндіріледі. 2024 жылы Атырау облысында 50,1 млн тонна мұнай өндірілді, бұл 2023 жылдың нәтижесімен салыстырғанда 2,6 млн тоннаға немесе 4,9%-ға төмен.

Бұдан бөлек 1-суретте Маңғыстау облысының үлесі басқа облыстармен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен, бірақ оң мән болып қалатынын байқауға болады.

2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының ЖӨӨ 3,7 трлн теңгеге жетті, бұл ҚР ЖІӨ-нің 4,3%-ын құрайды. Облыс экономикасының құрылымының жартысы өнеркәсіп секторынан тұрады.

1-кесте.
Маңғыстау облысы
экономикасының 2024
жылғы 9 айдағы құрылымы

№	Сала	Сомасы, млрд теңге	ЖӨӨ үлесі	Өнеркәсіптің үлесі
1	ЖӨӨ	3 654,8	100%	-
2	Тауар өндірісі	2 035,9	55,7%	-
3	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	19,0	0,5%	-
4	Өнеркәсіп	1 828,5	50,0%	100%
	▲ Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру	1 604,3	43,9%	87,7%
	▲ Өңдеу өнеркәсібі	134,0	3,7%	7,3%
	▲ Электр энергиясымен жабдықтау	78,6	2,2%	4,3%
	▲ Сумен жабдықтау	11,6	0,3%	0,6%
5	Құрылыс	188,5	5,2%	-
6	Қызмет көрсету өндірісі	1 341,4	36,7%	-
7	Көтерме және бөлшек сауда	208,6	5,7%	-
8	Көлік және қоймалау	271,3	7,4%	-
9	Жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операциялар	282,0	7,7%	-
10	Өзге де 10 сала	579,4	15,9%	-
11	Азық-түлікке салынатын салық	277,4	7,6%	-

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest
талдауы

Еліміздің де, кез келген саланың да экономикасы тауар өндірісінен, қызмет көрсету өндірісінен және таза салықтан тұрады. 1-кестеде Маңғыстау облысы 55,7%-ға тауарлар өндірісінен тұратыны көрінеді, оның 43,9%-ы – «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру» саласы.

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сай «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру» саласы бес негізгі кіші саладан тұрады:

- 1 Көмір және лигнит өндіру – 0 теңге немесе саланың 0%;
- 2 Шикі мұнай және табиғи газ өндіру – 1,5 трлн теңге немесе 93,4%;
- 3 Металл кенін өндіру – 0 теңге немесе саланың 0%;
- 4 Тау-кен өнеркәсібінің өзге де салалары – 2,2 млрд теңге немесе 0,1%;
- 5 Тау-кен өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер – 104,2 млрд теңге немесе 6,5%.

Сонымен облыс экономикасының басым бөлігін мұнай өндіру құрайды. 2024 жылы өндірілген мұнай көлемі 17,1 млн тоннаны құрады, бұл 2023 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 516,2 мың тоннаға немесе 3,1%-ға артық.

2025 жылдың басында облыста 340 заңды тұлға жұмыс істейді, олардың негізгі қызметі – шикі мұнай мен ілеспе газ өндіру. Олардың ішінде 7 кәсіпорын ғана ірі кәсіпкерлік мәртебесіне ие, жұмысшылар саны 1000 адамнан асады (2-кестені қараңыз).

2-кесте.
2024 жылғы мұнай
өндірудегі ірі кәсіпорындар

№	Ұйым нысаны	Кәсіпорынның атауы	Салық аударымдары, млрд теңге	СА-ның жылдық өсімі
1	АҚ	Маңғыстаумұнайгаз	304,5	-4,7%
2	АҚ	Өзенмұнайгаз	182,5	-7,9%
3	АҚ	Қаражанбасмұнай	163,5	+29,4%
4	ЖШС	Oil Services Company	15,6	+19,4%
5	ЖШС	Бұрғылау	14,6	+12,3%
6	ЖШС	ӨзенМұнайСервис	8,0	-5,8%
7	ЖШС	КЕЗБИ	1,7	-22,8%

Дереккөз: ҰСБ және МКК деректері

Содан кейін облыс экономикасының құрылымында елеулі айырмашылықпен мынадай салалар тұр:

- ▲ **Жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операциялар** – 282,0 млрд теңге немесе ЖӨӨ-нің 7,7%. Жылдық өсім 4,7 млрд теңгені немесе 1,7%-ды құрады. Бұған аймақтағы жоғары іскерлік белсенділік себеп болуы мүмкін, бұл коммерциялық жылжымайтын мүлікке және тұрғын үйге сұранысты тудырады. Мұнай-газ секторындағы компаниялар кеңселік үй-жайлар мен сақтау базаларын жалға алады, ал олардың қызметкерлері тұрғын үйге деген тұрақты сұранысты қалыптастырады.
- ▲ **Көлік және қоймалау** – 271,3 млрд теңге немесе ЖӨӨ-нің 7,4%-ы. Жылдық өсім -18,0 млрд теңгені немесе -6,2%-ды құрады. Мұндай нәтиженің себебі темір жол көлігі арқылы тасымалдау көлемінің төмендеуі болуы мүмкін. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша жүк айналымының көлемі 14,6 млрд ткм құрады, бұл 2023 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 1,9 млрд ткм немесе 11,7%-ға аз.
- ▲ **Көтерме және бөлшек сауда** – 208,6 млрд теңге немесе ЖӨӨ-нің 5,7%-ы. Жылдық өсім 30,7 млрд теңгені немесе 17,2% құрады. Мұндай өсу көбінесе бөлшек сауданың 11,4%-ға өсуіне байланысты болуы мүмкін. Сауданың өсуі негізінен Ақтау қаласында (+13,1%) және Жаңаөзен қаласында (+14,3%) болды, бұл облыстың урбанизациясының нәтижесі болуы мүмкін.
- ▲ **Құрылыс** – 188,5 млрд теңге немесе ЖӨӨ-нің 5,2%-ы. Жылдық өсім -16,8 млрд теңгені немесе -8,2%-ды құрады. Бұл 2024 жылдың тоғыз айында орындалған жұмыстар көлемінің төмендеуіне байланысты. Бұл ретте көрсеткіштің өсуі күтілуде, себебі статистикаға сәйкес 2024 жылдың 12 айында орындалған жұмыстардың көлемі 2023 жылдың көлемінен 11,6%-ға артық. Негізгі өсім құрылыс-монтаждау жұмыстары (+94,4%) және күрделі жөндеу (+185,3%) есебінен болды.
- ▲ **Өңдеу өнеркәсібі** – 134,0 млрд теңге немесе ЖӨӨ-нің 3,7%-ы. Жылдық өсім 18,5 млрд теңгені немесе 16,0%-ды құрады. Саланың негізгі өсімі металлургия өнеркәсібі өндірісінің (+18,7%) және химия өнеркәсібі өнімдері өндірісінің (+158,7%) ұлғаюымен байланысты.

2025 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында 2024 жылдың қорытындысы туралы сөйлеген сөзінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібінің рекордтық нақты өсіміне – 6% деңгейінде қол жеткізілгенін атап өтіп, осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтап қалуды тапсырды.

Маңғыстау облысында 2024 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 103,3-ке жетті. Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіптің ӨӨИ өнеркәсіптік өнім өндірісінің жалпы көлемінің 279,8 млрд теңгесімен 112,8-ді құрады. Айта кету керек, жалпы қосылған құнды (бұдан әрі – ЖҚҚ) есептеу әдістемесіне сай ЖӨӨ құрылымында өндіріс көлемі аралық тұтыну шегеріліп, ескеріледі.

Анықтама үшін: Аралық тұтыну – бұл есептік кезең ішінде басқа тауарлар мен қызметтерді өндіру барысында пайдаланылған тауар мен қызмет құны.

Жалпы
қосылған құн

=

Жалпы
шығарылым

—

Аралық
тұтыну



Осылайша, 2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі немесе өңдеуші өнеркәсіптің жалпы шығарылымы 198,4 млрд теңгені құрады. Демек, өңдеу өнеркәсібіндегі аралық тұтыну 64,4 млрд теңгені немесе жалпы шығарылымның 32,5%-ын құрайды. Аралық тұтынудың жылдық өсімі 16,9 млрд теңгені немесе 35,5%-ды құрады, бұл ретте жалпы шығарылымның аралық тұтыну үлесі – 3,3 п.т.

Бұл өндіріске жұмсалатын шығынның өскенін айғақтайды, ол бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін.

Біріншіден, шикізат, материалдар мен энергия ресурстары бағасының өсуі аралық тұтынудың қымбаттауына алып келді.

Екіншіден, өндірісті кеңейту және кәсіпорындарды жаңғырту қосымша жиынтаушы бөлшектер мен қызметтерді сатып алуды талап етті.

Үшіншіден, көбірек аралық шығынды талап ететін неғұрлым технологиялық күрделі өнімнің пайдасына шығару құрылымының өзгеруі де өз рөлін атқаруы мүмкін.

ЭҚЖЖ-ға сай «Өңдеуші өнеркәсіп» саласы 24 негізгі кіші саладан тұрады, олар 16 кіші салаға топтастырылуы мүмкін.

3-кесте.

Маңғыстау облысының өңдеу өнеркәсібінің 2024 жылғы 9 айдағы құрылымы

№	Атауы	Сомасы, млн теңге	Саланың үлесі	Жылдық өсім, %-бен
	Өңдеу өнеркәсібі	134 004,4	100%	16,0%
1	Тамақ өнімдерін өндіру	9 251,8	6,9%	174,5%
2	Сусын өндіру	338,9	0,3%	37,7%
3	Темекі бұйымдарын өндіру	-	-	-
4	Жеңіл өнеркәсіп	683,0	0,5%	69,2%
	▲ Тоқыма бұйымдарын өндіру	42,4	0,0%	271,9%
	▲ Киім өндіру	349,1	0,3%	13,2%
	▲ Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	291,5	0,2%	247,4%
5	Жиһаздан басқа ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру	7,4	0,0%	-33,3%
6	Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру	6,9	0,0%	72,5%
7	Жазылған материалдарды басып шығару және қайта шығару	489,7	0,4%	69,4%
8	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	23 516,0	17,5%	6,6%
9	Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	28 812,6	21,5%	18,7%
10	Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру	238,0	0,2%	47,2%
11	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	4 604,5	3,4%	41,1%
12	Өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру	17 328,5	12,9%	-8,7%
13	Металлургия өнеркәсібі	17 009,6	12,7%	50,1%
	Металлургия өнеркәсібі	7 419,2	5,5%	158,7%
	Машиналар мен жабдықтан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру	9 590,4	7,2%	13,3%
14	Машина жасау	31 285,8	23,3%	1,1%
	Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндіру	9,7	0,0%	-
	Электр жабдығын өндіру	24,3	0,0%	341,8%
	Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	14 167,1	10,6%	-2,7%
	Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндіру	0,7	0,0%	-61,1%
	Өзге де көлік құралдарын өндіру	-	-	-
	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	17 084,0	12,7%	4,2%
15	Жиһаз өндіру	329,4	0,2%	51,4%
16	Өзге де дайын бұйымдар өндіру	102,3	0,1%	25,5 есе

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы

Өңдеу өнеркәсібін дамыту – Маңғыстау облысының сапалы өсуі үшін негізгі фактор. Шикізат ресурстары таусылады, ал олардың құны қатты ауытқуға ұшырайды.

Өңдеуші өнеркәсіп арқылы экономиканы әртараптандыру:

- ▲ Шикізат өндіру және экспорттау есебінен ғана емес, өңір ішінде жаңа құн құру есебінен ЖӨӨ деңгейін арттыруға;
- ▲ Шағын және орта бизнесті дамытуға (өйткені қайта өңдеу кәсіпорындары жиынтықтаушы бөлшектердің, қызметтердің және логистиканың жергілікті жеткізушілеріне сұраныс жасайды);
- ▲ Мұнай өндіру секторы жоғары автоматтандырылған және мамандардың шектеулі санын талап ететін кезде тұрақты жұмыс орындарын ашуға;
- ▲ Шикізат экспортына қарағанда экономикаға жоғары үлес қосатын қайта өңдеу кәсіпорындарына салық салу есебінен бюджетке түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

3-кестеде Маңғыстау облысының өңдеуші өнеркәсібіне машина жасау сүбелі үлес қосатыны көрінеді, бұл – оң нәтиже, бірақ неғұрлым егжей-тегжейлі қарастырған кезде негізгі бөлігі «Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату» кіші саласынан тұрады. Бұл машина жасаудың үлесі ЖҚҚ құрылымында бұрмаланатынын білдіреді, өйткені кіші сала жаңа тауарлар шығарумен байланысты емес, ол қолданыстағы жабдықтарға қызмет көрсетуді және қолдау көрсетуді білдіреді.

Өңдеу өнеркәсібінде белсенді дамып келе жатқан тағы бір бағыт – химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру. Бұл ретте, егер машина жасаудың жылдық өсімі жылдық көрсеткіште бар-жоғы 1,1%-ға ұлғайса, химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі 18,7%-ға өсті. 2025 жылдың басында облыста негізгі қызметі химия өнеркәсібі өндірісіне жататын 50 жұмыс істеп тұрған заңды тұлға (бұдан әрі – ЖЗТ) қызмет атқарады.

4-кесте.

2025 жылдың басындағы «Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі» кіші саласындағы Маңғыстау облысының ЖЗТ саны

№	Атауы	ЖЗТ саны	Ірі ЖЗТ саны
1	Басқа химиялық өнімдер өндіру	13	0
2	Сабын және жуатын, тазалайтын және жылтырататын құралдар өндіру	12	0
3	Өнеркәсіптік газ өндіру	7	0
4	Тыңайтқыш өндіру	7	1
5	Өзге де негізгі органикалық емес химиялық заттар өндіру	3	0
6	Басқа топтарға енгізілмеген өзге де негізгі органикалық химиялық заттар өндіру	3	0
7	Сыр, лак, эмаль және оларға арналған минералдық пигменттер өндіру	2	0
8	Көмірсутек шикізатынан жасалған бастапқы нысандардағы полимерлер өндіру	2	0
9	Жарылғыш заттар мен өзге де пиротехникалық бұйымдар өндіру	1	0

Дереккөз: ҰСБ деректері

4-кесте облыста бір ғана ірі компания бар екенін, ал қалған барлығы ұсақ кәсіпкерлікке жататынын көрсетеді, онда ең көп саны 20 адамнан аспайды. Жалғыз ірі кәсіпорын – «ҚазАзот» АҚ, онда 1000-нан астам адам жұмыс істейді.

Таблица 3.
Структура обрабатывающей
промышленности
Мангистауской области за 9
месяцев 2024 года

Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру маңыздылығы бойынша келесі орында тұр. Өз қызметінің ерекшелігіне сүйене отырып, кіші сала мұнай өнеркәсібімен тікелей байланысты. Кіші саланың жылдық өсімі 6,6%-ды, ал «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру» саласының жылдық өсімі 8,2%-ды құрады. Бұл ішкі саланың негізгі саламен байланысы жақсы екенін білдіреді. Сәйкесінше мұнай өндіру көлемінің төмендеуі немесе әлемдік нарықтардағы бағалардың тұрақсыздығы тәуекелі кезінде кокс және мұнай өнімдерін өндіру де өсудің баяулауын немесе тіпті қысқаруын сезінуі мүмкін. Бұл осы кіші саланың шикізатты жеткізуге, сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықтардағы мұнай өнімдеріне сұранысқа тікелей байланысты болуымен түсіндіріледі.

Облыстың ЖӨӨ құрылымында едәуір үлеске ие «азық-түлікке салынатын салық» көрсеткіші де бар. Көрсеткіштің жылдық өсімі теріс мән және -41,0 млрд теңгені немесе -12,9%-ды құрайды. Салық түсімдерінің қысқаруы аймақтағы тауар мен қызметті сату көлемінің азаюымен байланысты болуы мүмкін, бұл негізгі салалардағы экономикалық белсенділіктің баяулауын көрсетуі мүмкін.

Салалардың номиналды мәнін талдау жағдайды барынша егжей-тегжейлі көруге мүмкіндік береді, бірақ жағдайдың анық көрінісін бермейді. Ол үшін облыстың қорытындыларын экономиканың нақты өсіміне қосқан үлесі тұрғысынан қарастыру қажет. Басқа облыстармен салыстырғанда Маңғыстау облысының еліміздің нақты өсуіне ең аз үлес қосатынын ескерсек, бұл неғұрлым өзекті (1-суретті қараңыз).

5-кесте.
2024 жылдың 9 айындағы
НКИ және Маңғыстау
облысы салаларының үлесі

№	Атауы	НКИ	Салым	Салым үлесі
1	Маңғыстау облысы	100,1	0,1	
2	Тауар өндірісі	102,5	1,3	11,4%
3	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	102,7	0,0	0,1%
4	Өнеркәсіп	104,6	2,2	18,8%
4.1	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру	104,0	1,7	14,4%
4.2	Өңдеу өнеркәсібі	118,5	0,6	5,2%
4.3	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондицияланған ауамен жабдықтау	94,8	-0,1	0,8%
4.4	Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	102,7	0,0	0,1%
5	Құрылыс	84,8	-0,9	-7,6%
6	Қызмет көрсету өндірісі	106,5	2,4	20,6%
7	Көтерме және бөлшек сауда	104,9	0,2	2,1%
8	Көлік және қоймалау	85,8	-1,2	-10,0%
9	Ақпарат және байланыс	108,4	0,0	0,2%
10	Басқа салалар	114,0	3,3	28,2%
11	ЖҚҚ	104,1	3,7	32,0%
12	Азық-түлікке салынатын салық	59,8	-3,6	-31,1%

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы

2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының НКИ 100,1-ді құрады, яғни облыс экономикасы нақты мәнде небәрі 0,1%-ға өсті. Облыстың өсуі ЖҚҚ-ның және өнімдерге салынатын салықтың өсу сомасынан тұрады, ал ЖҚҚ-ның нақты өсуі тауар мен қызмет өндірісінің өсуінен тұрады. Осылайша, 2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының өсуін былайша көрсетуге болады:

- ▲ Тауар өндірісі – +2,5%;
- ▲ Қызмет көрсету өндірісі – +6,5%;
- ▲ Азық-түлікке салынатын салық – -40,2%.

Сонымен облыстың тауар мен қызмет өндірісіндегі оң қорытындылары іс жүзінде өнімдерге салынатын салықтың едәуір баяулауымен теңестіріледі. Мұндай құлдыраудың негізгі себебі өндіру өнеркәсібі мен сауданы қоса алғанда, негізгі салалардан түсетін салықтық түсімдердің азаюы болуы мүмкін. Бәлкім, бұл не салық бойынша жеңілдікпен, не өндіріс пен тұтыну көлемінің қысқаруымен байланысты шығар.

Сонымен бірге жалпы әлсіз өсуге қарамастан, өндірістік сектор мен қызмет көрсету секторының оң үлесі өңірдің сақталып отырған әлеуетін көрсетеді. Өңдеуші өнеркәсіптің (+18,5%) және басқа да салалардың (+14,0%) тұрақты өсуі экономиканың әртараптандырылғанын және жаңа бағыттардың дамығанын растайды. Алайда құрылыстағы (-15,8%) және көліктегі (-14,2%) айтарлықтай құлдырау инвестициялық белсенділіктің төмендеуі немесе логистикадағы проблемалар сияқты уақытша қиындықтарды көрсетуі мүмкін.

Азық-түлікке салынатын салықтың төмендеуі өңір экономикасының жалпы өсуіне жағымсыз әсер етіп қана қоймай, облыс бюджетіне де тікелей әсер етеді. Салық түсімдерінің құлдырауы бюджеттің кіріс бөлігінің қысқаруына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде әлеуметтік бағдарламаларды, инфрақұрылымдық жобаларды және басқа да мемлекеттік міндеттемелерді қаржыландыру мүмкіндіктерін шектейді.



Жергілікті бюджет

2024 жылғы деректер бойынша Маңғыстау облысының бюджет кірісі 565,4 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 90,4 млрд теңгеге немесе 19,0%-ға артық. Мемлекеттік бюджеттің кірісімен салыстырғанда Маңғыстау облысы бар болғаны 2,1%-ды алады.

6-кесте.

Маңғыстау облысы
бюджетінің 2024 жылғы
кірісінің құрылымы

№	Атауы	Сомасы, млрд теңге	Кіріс үлесі	Салықтан үлес	Жылдық өсім, %-бен
	Кіріс	565,4	100%	-	19,0%
1	Салық түсімі	290,1	51,3%	100%	16,1%
1.1	КТС	31,7	5,6%	10,9%	5,1%
1.2	ЖТС	117,4	20,8%	40,5%	22,6%
1.3	ӘС	85,4	15,1%	29,4%	18,1%
1.4	Акциз	1,5	0,3%	0,5%	-7,6%
2	Салықтық емес түсім	11,1	2,0%	-	24,1%
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім	4,7	0,8%	-	-21,6%
4	Трансферттер түсімі	259,4	45,9%	-	23,5%

Дереккөз: Қаржы министрлігінің деректері, ВСС Invest талдауы

Оң көрсеткіш жағынан 6-кестені талдай отырып, бюджет кірісіндегі салық түсімінің басым үлесін атап өтуге болады. Бұл ретте салық түсімінің өсуіне көбінесе жеке табыс салығының (бұдан әрі – ЖТС) және әлеуметтік салықтың (бұдан әрі – ӘС) өсуі есебінен қол жеткізілді. ЖТС корпоративтік табыс салығынан (бұдан әрі – КТС) 3,7 есе асып түсуі елеулі тәуекелді тудырады, бұл облыс экономикасының мұнай емес секторының нашар дамығанын білдіреді.

Салық түсімдерінің өсуіне қарамастан, бюджет құрылымы өңірдің бұрынғысынша трансферттерге қатты тәуелді екенін көрсетеді. Облыс бюджеті кірісінің жартысына жуығын трансферттер түсімі құрады. Сәйкесінше трансферт төмендеген жағдайда елде негізгі әлеуметтік және стратегиялық бағдарламаларды қаржыландыру тапшылығы тәуекелі туындайды.

Бюджет шығысын қарастырсақ, 2024 жылы ол 554,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 104,0 млрд теңгеге немесе 23,1%-ға артық. Іс жүзінде бюджет шығысы 99,0% бюджет шығынынан тұрады, ол өз кезегінде 44,5% білім беруге кеткен шығыннан және 16,7% тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа кеткен шығыннан тұрады. Жалпы алғанда, егер барлық әлеуметтік шығынды («Білім беру», «Денсаулық сақтау», «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық») алатын болсақ, олардың бюджет шығысындағы жиынтық үлесі 70,8%-ды құрайды. Бұл облыстық бюджеттің шығысы көбінесе халықты әлеуметтік қолдаудан тұратынын көрсетеді.

Бюджет кірісінің бюджеттің шығыс бөлігінен асып түсуі бюджет профицитін құрайды. Сонымен талданып отырған кезеңде бюджет профициті 10,9 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 13,6 млрд теңгеге немесе 55,6%-ға аз. Алайда, егер бюджет кірісінен трансферт алынатын болса, бұл жағдайда облыстың нақты нәтижесі дефицитке ауысып, 248,5 млрд теңгені құрайды, бұл жылжымалы орташа әдіспен 2024 жылғы ЖӨӨ-нің 5,4%-ын құрауы мүмкін. Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасына сай 2024 жылдың қорытындысы бойынша бюджет тапшылығы деңгейі еліміздің ЖІӨ-нің 2,9%-ынан аспауға тиіс, жалпы алғанда облыстың профициті осы мақсатқа жетуге ықпал етеді, бірақ негізінен облыс кірісіндегі елеулі трансферттер есебінен.

Деректерді негізге ала отырып, трансферт көлемінің төмендеуі негізгі бағдарламаларды, әсіресе әлеуметтік салада, атап айтқанда, білім саласын қаржыландырудың тапшылығына алып келу қаупі туындайды. Білім беру

мекемелерінде білім алушылардың саны көп болуына байланысты еліміздегі жалпы үрдістерді ескерсек, білім беру шығыны баптарын қаржыландырудың төмендеуі көрсетілетін қызмет сапасына теріс әсер етуі мүмкін. 2024 жылдың 11 айында білім беру ұйымдары көрсеткен қызмет көлемі 49,5 млрд теңгеге жетті, оның 61,2%-ы негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметке тиесілі. Мұнда негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы көрсетілетін қызметтің 97,5%-ы бюджет қаражаты есебінен екені негізгі тәуекел болып табылады. Бұл республикалық бюджеттен трансферт азайған жағдайда, білім беру қызметі саласындағы өсіп келе жатқан қажеттіліктерді облыс өз бетінше орындай алмайтынын көрсетеді.




Инфляция

Бұрын анықталғандай, Маңғыстау облысы көбіне мұнай-газ секторына тәуелді, бұл облыстағы баға серпініне ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы алдында белгілі бір тәуекелді тудырады.

2-сурет.

Маңғыстау облысы мен еліміздегі 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі жылдық инфляция динамикасы



Дереккөз: ҰСБ деректері

2-суретте Маңғыстау облысында жылдық инфляция динамикасы республикалық деңгеймен салыстырғанда жоғары екені көрінеді. Мұндай динамиканың нәтижесін егжей-тегжейлі түсіну үшін инфляция көрсеткішін негізгі компоненттер бөлінісінде қарастыру қажет.

3-сурет.

Елдік деңгей мен Маңғыстау облысын салыстырғанда инфляция компоненттерінің динамикасы



Дереккөз: ҰСБ деректері

3-суретте облыста бағаның өсуі жалпы республикалық деңгейден асып түскені көрінеді. Мыналар осындай динамиканың себептері болуы мүмкін:

- 1 Өңірдің әлсіз әртараптануы, атап айтқанда, азық-түлік тауарлары өндірісі;
 - a. Әлсіз әртараптандырудың салдарынан жұмыстың вахталық әдісінің жоғары үлесіне байланысты еңбек нарығының ерекшелігі;
 - b. Әлсіз әртараптандудың салдарынан өңірдің импортқа тәуелділігі;
- 2 Жоғары көлік шығысы және облыс логистикасының ерекшелігі;
- 3 Облыстың географиялық орналасуы.

Нәтижесінде облыстың алшақ орналасуы және мұнай-газ жобаларының белсенді дамуы азық-түлік емес тауарлардың өсуіне алып келеді. Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша азық-түлік емес тауарлардың инфляциясы 12,4%-ды құрады, бұл республикалық деңгейден 4,1 пайыздық тармаққа жоғары.

Инфляция деңгейінің жоғары болуы облыс халқының тұрмыс деңгейіне едәуір әсер етеді. Тауар мен қызмет бағасының өсуімен жергілікті халықтың сатып алу қабілеті төмендеуі мүмкін, бұл жағдайда жалақының өсуі инфляциядан басып озуы маңызды. Іс жүзінде нақты жалақының жылдық индексі 2024 жылғы 9 айда 99,6-ны құрады, басқаша айтқанда 2024 жылғы жалақы 2023 жылғы жалақымен салыстырғанда 0,4%-ға төмен. 2023 жылы нақты жалақы индексі 100,6-ны құрады, бұл жалақы төлеудегі тоқырауды көрсетеді.



2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде баға орташа алғанда 49,6%-ға өсті. Бұл ретте Маңғыстау облысында орташа айлық жалақы 2022 жылғы 383 117 теңгеден 2024 жылы 520 361 теңгеге дейін өсті, яғни екі жылдың ішінде орташа жалақы 137 244 теңгеге немесе 35,8%-ға өсті. Егер салалар бойынша жалақыны қарастыратын болсақ, былайша болады:

7-кесте.

Маңғыстау облысында салалар бойынша орташа айлық жалақы, теңгемен

№	Сала	2022 жыл	2024 жыл	Айырма, теңгемен	Өсім, %-бен
	Маңғыстау облысы	383 117	520 361	137 244	35,8%
1	Ауыл шаруашылығы	-	-	-	-
2	Өнеркәсіп	702 291	918 443	216 152	30,8%
2.1	Тау-кен өндіру өнеркәсібі	828 201	1 100 568	272 367	32,9%
2.2	Өңдеуші өнеркәсіп	513 550	633 352	119 802	23,3%
2.3	Электрмен жабдықтау	273 344	411 856	138 512	50,7%
2.4	Сумен жабдықтау	195 133	343 201	148 068	75,9%
3	Құрылыс	474 485	566 152	91 667	19,3%
4	Сауда	140 245	244 736	104 491	74,5%
5	Көлік және қоймалау	399 257	508 454	109 197	27,4%
6	Тұру және тамақтану бойынша қызмет	317 724	325 372	7 648	2,4%
7	Ақпарат және байланыс	236 149	282 153	46 004	19,5%
8	Қаржы және сақтандыру қызметі	454 167	860 945	406 778	89,6%
9	Жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операциялар	187 372	382 643	195 271	104,2%
10	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	376 002	549 430	173 428	46,1%
11	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	265 214	298 668	33 454	12,6%
12	Мемлекеттік басқару және қорғаныс	213 997	278 181	64 184	30,0%
13	Білім беру	241 661	294 131	52 470	21,7%
14	Денсаулық сақтау	206 009	307 110	101 101	49,1%
15	Өнер, ойын-сауық және демалыс	171 403	209 631	38 228	22,3%
16	Өзге де қызмет түрлерін көрсету	415 991	486 188	70 197	16,9%

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы


7-кестеде көрсетілгендей, облыстағы көптеген салалардың орташа айлық жалақысының өсімі тауар мен қызмет бағасының өсуімен салыстырғанда төмен. Деректер бойынша ең жоғары ақы төленетін сала «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру» саласы екені көрінеді, бұл облыстың әлсіз әртараптандырылуын түсіндіре отырып, басқа салалардағы кадрлық тапшылыққа әкелуі мүмкін.

3-тоқсанның қорытындысы бойынша облыста 348 757 адам жұмыспен қамтылған, онда жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі «Білім беру» (49,2 мың адам немесе жұмыспен қамтылған халықтың 14,1%) және «Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру» (42,7 мың адам немесе 12,2%) салаларында. «Білім беру» саласында жұмыспен қамтылған халықтың елеулі саны 2024 жылы облыстың барлық халқының 43,4%-ы 0-ден 18 жасқа дейінгі азаматтар болуына байланысты (4-суретті қараңыз). Яғни облыс халқының жартысына жуығы әлі де білім алып жатқан балалар, бұл сондай-ақ білім беру қызметін қолдауға жергілікті бюджеттің басым бөлігі жұмсалатынын білдіреді.

Демография

2024 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысында халықтың орташа жылдық саны 786 837 адамды құрады. Облыстың демографиялық портретін талдайтын болсақ, облыс халқының 49,7%-ы ерлер, ал қалған 50,3%-ы әйелдер.

4-сурет.
2024 жылғы жергілікті жер
типі бойынша бөліністегі
жыныстық-жастық
демографиялық пирамида



Дереккөз: ҰСБ деректері

Бұған дейін атап өтілгендей, облыс халқының едәуір бөлігі – 18 жасқа дейінгі экономикалық белсенді емес халық, олардың саны 341 114 адамға немесе облыстың жалпы халқының 43,4%-ына жетті. Зейнеткерлік жастан асқан халықты есепке алған кезде (Салық кодексінің 207-бабының 3-параграфына сай 63 жастан асқан ерлер және 61 жастан асқан әйелдер) облыста экономикалық белсенді емес халық 394 322 адамды немесе облыстың жалпы халқының 50,1%-ын құрайды.

4-суретте көрсетілгендей, облыста балалар саны едәуір өсіп келе жатыр, бұл әсіресе 2-4 жастағы балалар бойынша байқалады, бұл енгізілген пандемияға қарсы шараларға байланысты. Өсіп келе жатқан халық қазірдің өзінде облыстың әлеуметтік инфрақұрылымына жоғары сұраныс көрсетіп отыр, бұл жергілікті бюджеттің шығынына кері әсерін тигізуде.


Облыста барлығы 5 негізгі аудан мен 2 қаланы атап көрсетуге болады. Барлық халықтың негізгі саны Ақтау қаласында, Мұнайлы ауданында және Жаңаөзен қаласында шоғырланған.

8-кесте.
2025 жылғы 1 қаңтардағы
жағдай бойынша Маңғыстау
облысындағы халық саны

№	Атауы	Саны	Үлесі, %-бен	Жылдық өсім, %-бен	Урбанизация, %-бен
	Маңғыстау облысы	805 363	100%	2,3%	46,0%
1	Ақтау қаласы	293 555	36,5%	4,2%	97,3%
2	Жаңаөзен қ.ә.	154 044	19,1%	1,6%	49,6%
3	Бейнеу ауданы	72 842	9,0%	0,0%	-
4	Қарақия ауданы	36 474	4,5%	-0,3%	-
5	Маңғыстау ауданы	34 850	4,3%	-1,0%	-
6	Мұнайлы ауданы	172 701	21,4%	2,2%	-
7	Түпқараған ауданы	40 887	5,1%	2,4%	21,4%

Дереккөз: ҰСБ деректері, ВСС Invest талдауы

5-сурет.
Маңғыстау облысының халық
саны бойынша
әкімшілік-аумақтық бөлінісі



Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы

8-кестеде және 5-суретте көрсетілгендей, халықтың негізгі саны облыстың батысында шоғырланған. Облыстың батысы мұнай-газ индустриясының орталығы болып табылады, бұл оны жұмыс күші үшін экономикалық белсенді және тартымды етеді. Ақтау мен Жаңаөзен сияқты ірі қалалар да мұнай-газ кен орындарына жақын орналасқан, бұл халық санының жоғары болуын түсіндіреді.

Облыстың шығыс және оңтүстік аудандарының климаты құрғақ және табиғи ресурстары аз, бұл ауыл шаруашылығы мен экономикалық қызметтің басқа да түрлерін жүргізу үшін мүмкіндіктерді шектейді. Нәтижесінде бұл аудандардағы халық тығыздығы төмен деңгейде қалып отыр.

Сонымен Маңғыстау облысының батысында халықтың шоғырлануы, ең алдымен, өңір үшін табыстың табиғи көзін қамтамасыз ететін мұнай-газ саласы кәсіпорындарының болуымен байланысты. Алайда өнеркәсіп пен жұмыс орындарының мұндай шоғырлануы аумақтық дамуда теңгерімсіздік туғызады. Облыстың батыс бөлігі белсенді дамып келе жатқанда, орталық және шығыс бөліктеріндегі едәуір аумақтар іс жүзінде пайдаланылмай отыр. Бұл инвестиция тартуға және экономиканың жаңа салаларын дамытуды ынталандыруға қабілетті арнайы өнеркәсіптік аймақтар құруға мүмкіндік туғызады.

Жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) дамыту – неғұрлым болашағы зор бағыттардың бірі. Маңғыстау облысындағы дала мен шөлдің ауқымды алаңдары күн электр станцияларын орналастыру үшін әлеуеті жоғары. Өңірдің климат жағдайларын ескере отырып, мұндай жобалар энергияға ішкі қажеттілікті қанағаттандырып қана қоймай, басқа өңірлер мен елдерге «жасыл» электр энергиясын экспорттауға негіз бола алады.

Бұл үдерісте көлік және энергетикалық инфрақұрылым құру, сондай-ақ әкімшілік преференциялар беру есебінен бизнеске қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге қабілетті әкімдіктің қолдауы маңызды рөл атқаруы мүмкін. Мысалы, облыстың шығыс аудандары теміржол бағыттарына жақындығын және Ақтау порты арқылы халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктерін пайдалана отырып, логистика және қайта өңдеу орталығына айналуы мүмкін.



Облыстың сыртқы экономикалық сауда қызметі

2024 жылы облыстың сыртқы сауда айналымы (бұдан әрі – ССА) 4,6 млрд АҚШ долларын құрады, бұл еліміздің ССА-сының 3,2%-ын құрайды. Жылдық көрсеткіште облыстың ССА 236,0 млн АҚШ долларына немесе 4,9%-ға төмендеді.

Облыс экспорты 3 981,5 млн АҚШ долларын немесе облыстың ССА-сының 87,0%-ын құрады. Жылдық көрсеткіште экспорт 81,2 млн АҚШ долларына немесе 2,0%-ға төмендеді.

9-кесте.
Маңғыстау облысы
экспортының 2024
жылғы құрылымы

№	СЭҚТН коды	Атауы	Сомасы, млн АҚШ доллары	Экспорттан үлес	Жылдық өсім, %-бен
1		Экспорттау	3 981,5	100%	-2,0%
2	2709	Битуминозды минералдардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері	3 827,5	96,1%	-0,3%
3	3102	Азотты минералды немесе химиялық тыңайтқыштар	49,3	1,2%	-49,0%
4	2710	Шикіден басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері	38,8	1,0%	182,7%
5		Басқалар	66,0	1,7%	-41,8%

Дереккөз: ҰСБ және МКК деректері, BCC Invest талдауы

Облыс экономикасын ертаратандыру деңгейінің әлсіздігі нәтижесінде экспорт көбінесе шикі мұнайды сатудан көрінеді. Шикі мұнай экспорты – ұлттық экономиканың негізгі секторларының бірі, бұл ретте Маңғыстау облысының осы ресурс экспортының жалпы көлеміне үлесі құндық мәнде 8,9%-ды және заттай мәнде 10,5%-ды құрады.

Ел бөлінісінде Маңғыстау мұнайының негізгі сатып алушылары дәстүр бойынша Еуропалық одақ елдері. Италия Маңғыстау мұнайының барлық көлемінің құндық мәнде 33,9%-ын және заттай мәнде 34,8%-ын импорттады. Сондай-ақ мұнайды ірі сатып алушылар: Швейцария (мұнай экспортының құндық мәнінің 23,7%), Сингапур (21,4%) және Румыния (18,9%).

Өз кезегінде экспорт облыстың валюталық түсімін қамтамасыз етеді. Шикізат экспортының басым болуы облыс экономикасын мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді етеді, бұл аймақтың кіріс деңгейі мен қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін.

Импорт, керісінше, экономикалық қызметті қолдау және халықтың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жабдықтар, технологияларды және халық тұтынатын тауарларды сатып алуды қосқанда, облыс шығысының едәуір бөлігін білдіреді.

Облыс импорты 593,0 млн АҚШ долларын немесе облыстың ССА-сының 13,0%-ын құрады. Жылдық көрсеткіште импорт 154,8 млн АҚШ долларына немесе 20,7%-ға төмендеді.

10-кесте.
Маңғыстау облысы
импортының 2024
жылғы құрылымы

№	Атауы	Сомасы, млн АҚШ доллары	Импорттың үлесі	Жылдық өсім, %-бен
1	Импорт	593,0	100%	-20,7%
2	Шикізат тауарлары	48,0	8,1%	-6,5%
3	Жартылай фабрикаттар (аралық өнім)	213,8	36,1%	-8,6%
4	Дайын өнімдер (түпкілікті өнім)	331,1	55,8%	-28,4%
5	Басқа тауарлар	0,1	0,0%	-

Дереккөз: ҰСБ және МКК деректері, BCC Invest талдауы

Облысқа жалпы сомасы 71,3 млн АҚШ долларына жеңіл автомобиль мен өзге де моторлы көлік құралдары импортталды, бұл облыстың жалпы импортының 12,0%-ын құрайды. Импорттың құрылымын шикізат тауарлары, жартылай фабрикаттар, дайын бұйымдар және өзге де тауарлар ретінде көрсетуге болады. 10-кестеде облыстың негізгі импорты түпкілікті және аралық өнімдер түрінде ұсынылғаны көрінеді.

Экспортқа бағдарланған шикізат секторы мен шикізаттық емес салалардағы импортқа тәуелділік арасындағы теңгерімсіздік өңір экономикасын әртараптан-дыру қажет екенін көрсетеді.

Облыстың таза экспорты 3,4 млрд АҚШ долларын немесе еліміздің таза экспортының 15,5%-ын құрады. Жылдық көрсеткіште таза экспорт 73,6 млн АҚШ долларына немесе 2,2%-ға ұлғайды. 2024 жылы таза экспорттың өсуі экспорттың аздап төмендеуіне және 2023 жылмен салыстырғанда импорттың едәуір төмендеуіне байланысты.

Сонымен Маңғыстау облысының сыртқы сауда қызметі импорттан экспорттың едәуір басым болуымен сипатталады, бұл сауда балансының оң сальдосын және өңірге елеулі валюталық түсімді қамтамасыз етеді. Облыстың сыртқы экономикалық байланыстарының негізін қалыптастыратын шикі мұнай экспорттың негізгі драйвері болып қала бермек. Бұл ретте импорттың қысқаруы, әсіресе дайын бұйымдар сегментінде түпкілікті өнімді сыртқы сатып алудың төмендеуін куәландырады, бұл тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне, сатып алу саясатының оңтайландырылуына немесе ішкі экономикалық факторларға байланысты болуы мүмкін. Жалпы алғанда, таза экспорттың оң динамикасы елдің сыртқы сауда құрылымындағы өңірдің орнықты рөлін және оның ұлттық экономикаға қосқан үлесін көрсетеді.



Облысқа салынған инвестицияның динамикасы

Инвестиция – орнықты экономикалық өсу негізі, өйткені ол өндірістік қуаттарды қалыптастырады, инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді және экономиканың әлеуетін ұлғайтады. Негізгі қорларға, технологиялар мен адами капиталға салымдарды қоса алғанда, инвестициялар ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсу қарқынын және халықтың әл-ауқатының деңгейін айқындайды.

Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда инвестициялар жиынтық сұраныс пен ұсыныстың түйінді компоненті болып табылады. Олар экономикадағы капитал көлемін ұлғайтады, бұл өндірісті кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Солоу моделіне сай капиталдың өсуі технологиялық прогреспен бірге еңбек өнімділігін арттырады, бұл еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өте маңызды.

Бұдан басқа инвестиция экономиканың құрылымдық трансформациясында маңызды рөл атқарады. Егер капитал жоғары технологиялық және қайта өңдеу салаларына бағытталса, бұл өндірісті әртараптандыруға ықпал етеді және шикізат экспортына тәуелділікті төмендетеді. Инновацияларға инвестиция жетіспеген жағдайда, экономика өсу қарқыны баяулайтын, ал бәсекелестік артықшылықтары жоғалатын «орташа кіріс тұзағы» әсеріне тап болады.

Инвестициялардың тұрақты ағыны елдің қаржылық тұрақтылығына да әсер етеді. Инвестициялық белсенділік деңгейі жоғары елдерде салық базасы ұлғаяды, бұл мемлекетке әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға және макроэкономикалық тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге инвестициялардың жетіспеушілігі экономикалық өсудің төмен қарқынына, жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуына және халықтың нақты табысының азаюына әкеп соқтырады.

Сонымен инвестициялар экономиканы қысқа мерзімді ынталандыруды қамтамасыз етіп қана қоймай, оның құрылымын, бәсекеге қабілеттілігін және сыртқы күйзелістерге төзімділігін анықтай отырып, ұзақ мерзімді дамудың негізін қалыптастырады.

2025 жылғы 28 қаңтардағы ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай атап өтті:

«Бізге сапалы инвестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды әдетте шетел инвесторлары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Көрсеткішке көңіл толғанымен, бұл 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36%-ға аз».

Шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы ағынындағы (бұдан әрі – ТИЖА) қомақты үлес көлемі 4,3 млрд АҚШ доллары немесе жалпы ТИЖА көлемінің 33,6%-ын құрайтын Алматы қаласына тиесілі.



11-кесте.
2024 жылдың 9 айындағы
еліміздің облыстары
бойынша ТИЖА
құрылымы

№	Атауы	Сомасы, млн \$	Еліміздің ТИЖА-сынан үлесі	Өңірдің ТИЖА-сынан үлесі	Жылдық өсім, %-бен
	Қазақстан Республикасы	12 745,5	100%	-	- 35,7%
1	Қалалар	4 645,8	36,5%	-	- 37,7%
2	Батыс Қазақстан	3 553,4	27,9%	100%	- 54,8%
2.1	Атырау облысы	1 308,7	10,3%	36,8%	- 76,4%
2.2	Батыс Қазақстан облысы	995,5	7,8%	28,0%	+13,1%
2.3	Маңғыстау облысы	911,8	7,2%	25,7%	+10,1%
2.4	Ақтөбе облысы	337,4	2,6%	9,5%	- 44,2%
3	Оңтүстік Қазақстан	1 507,1	11,8%	-	+19,1%
4	Шығыс Қазақстан	1 329,8	10,4%	-	- 12,8%
5	Солтүстік Қазақстан	1 290,4	10,1%	-	18,6%
6	Орталық Қазақстан	419,0	3,3%	-	+220,9%

* қалалар – бұл республикалық маңызы бар қалалар: Астана қ., Алматы қ. және Шымкент қ.
Дереккөз: ҰБ деректері, BCC Invest талдауы

11-кестеде көрсетілгендей, Маңғыстау облысы Республикалық деңгеймен салыстырғанда кері динамика көрсетіп отыр, егер еліміз бойынша инвестициялардың жалпы деңгейі төмендесе, облыста инвестиция деңгейі өсуде. 2024 жылдың тоғыз айында Маңғыстау облысының ТИЖА көлемі 911,8 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 83,4 млн АҚШ долларына немесе 10,1%-ға артық.

Инвестициялардың сапасын сауатты анықтау үшін 2024 жылдың тоғыз айында елімізде небәрі 72,8 млн АҚШ долларын құраған (бұл еліміздің ЖІӨ-нің 0,6%-ын құрайды) тікелей инвестициялардың таза ағыны (бұдан әрі – ТИТА) көрсеткішіне назар аударған жөн.

Тікелей инвестициялардың таза ағыны – бұл капиталдың жалпы ағыны мен жылыстауы арасындағы айырмашылық. Оған пайданы шегерген соң, инвесторлардың алдындағы міндеттемелерді өтеген соң және капиталды репатриациялаған соң өңірде қалатын инвестициялар ғана кіреді.

Талданып отырған кезеңде Маңғыстау облысының ТИТА 492,3 млн АҚШ долларына жетті, бұл ҚҚС көлемінің 54,0%-ын құрайды. Жылдық мәнде ТИТА 106,7 млн АҚШ долларына немесе 27,7%-ға ұлғайды. Көрсетілген деректер еліміз бойынша инвестиция көлемінің жалпы төмендеуі аясында Маңғыстау облысының жоғары инвестициялық тартымдылығын куәландырады. ТИТА-ның өсуі және оның ҚҚС-дағы жоғары үлесі өңірдегі инвестициялардың тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді сипатқа ие екенін, ал инвесторлар табысты қайта инвестициялайтынын немесе жаңа жобаларды іске асыратынын білдіреді, бұл мультипликатор әсерін күшейтеді.

Тартылған қаражаттың басым бөлігі облыста қалып, жергілікті өндірісті дамытуға, жұмыс орындарын ашуға және өңірдің салық базасын нығайтуға ықпал ететінін атап өткен жөн. Сәйкесінше облыс инвестицияларын олардың салалар бойынша мақсатты бағыттары тұрғысынан қарау маңызды.


12-кесте.
2024 жылдың 9
айындағы салалар
бойынша облыстың
ТИЖА құрылымы

№	Салалар	Сомасы, млн \$	Облыстың ТИЖА үлесі	Жылдық өсім, %-бен
	Маңғыстау облысы	911,8	100%	+10,1%
1	Тау-кен өнеркәсібі	653,4	71,7%	-7,9%
2	Өңдеу өнеркәсібі	6,4	0,7%	-187,9%
3	Құрылыс	3,2	0,3%	-175,2%
4	Көтерме және бөлшек сауда	248,3	27,2%	+109,5%
5	Көлік және қоймалау	-6,3	-0,7%	-35,5%
6	Кәсіби қызмет	1,6	0,2%	-44,5%
7	Басқа салалар	5,2	0,6%	-72,6%

Дереккөз: ҰБ деректері, BCC Invest талдауы

12-кестеде көрсетілгендей, облыс инвестицияларының негізгі көлемі «Тау-кен өнеркәсібі» және «Көтерме және бөлшек сауда» салаларынан шығады. Маңғыстау облысының инвестициялар көлемі динамикасының оң нәтижесі сауда-саттықтың ТИЖА-ның 57,6%-ға өсуімен қамтамасыз етілді. Өзге салалардағы ТИЖА-ның аз көлемі де облыстың әртараптандыру деңгейінің төмендігін түсіндіреді.

6-сурет.
Маңғыстау облысының
соңғы 5 жылдағы салалар
бойынша ТИЖА-ның
декомпозициясы, млн
АҚШ долларымен



Дереккөз: ҰБ деректері, BCC Invest талдауы

Тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар облыс инвестицияларының жалпы көлемінің басым үлесін құрайды. 2020 жылдан бастап 2024 жылдың 9 айы аралығындағы кезеңде тау-кен өнеркәсібіне инвестициялардың үлесі орта есеппен 82,0%-ды құрады. Бұл өз кезегінде облыстың тау-кен өнеркәсібіне бағдарланғанын тағы да дәлелдейді.

Жалпы алғанда Маңғыстау облысына инвестициялар динамикасы оң үрдістерді көрсетеді, алайда салымдардың сапасын арттыру және оларды қосылған құны жоғары секторларға қайта бөлу негізгі міндет болып қала бермек. Инфрақұрылымды дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа салаларды қолдау өңірдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаруы мүмкін.

Инвестициялардың тиімділігін арттыру үшін өңірге пайданы қайта инвестициялау деңгейін ескеру маңызды. ТИЖА жоғары болғанына қарамастан, тартылған қаражаттың жаңа өндірістік қуаттарға қаншалықты өзгеретінін және ұзақ мерзімді экономикалық әсерлерді тудыратынын көрсететін ТИТА түйінді көрсеткіш болып қалып отыр. Осы орайда индустриялық аймақтарды дамыту және шикізаттық емес салаларға инвесторлар тарту ерекше рөл атқарады, бұл тау-кен өндірісі секторына тәуелділікті азайтуға және өңірдің неғұрлым тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Макроэкономикалық тәуекел

Маңғыстау облысы – мұнай өндірудің жалпы көлемінің 19,6%-ын қамтамасыз ететін Қазақстанның ірі мұнай өндіруші өңірлерінің бірі. Алайда ретроспективті талдау өңір экономикасының барынша әлсіз әртараптандырылғанын көрсетті: ЖӨӨ құрылымында мұнай өндіру саласы басым, негізгі экспортталатын тауар – мұнай және инвестициялардың едәуір бөлігі тек қана мұнай-газ секторына бөлінеді. Бұл «Голланд ауруының» классикалық сценарийін жасайды, бұл ретте табиғи ресурстарды экспорттаудан түсетін жоғары кіріс басқа салалардың дамуына кедергі келтіреді және өңірдің әлемдік мұнай нарығының конъюнктурасына тәуелділігін арттырады. Экономиканың қалыптасқан құрылымы қосымша макроэкономикалық тәуекел туғызады.

7-сурет.
Маңғыстау облысы
экономикасының 2024
жылғы 9 айдағы құрылымы




Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest талдауы

Біріншіден, білім беруге және денсаулық сақтауға деген сұраныс артуда, алайда бұл салаларға инвестициялардың жетіспеушілігі сапалы қызметтерге қолжетімділіктің шектеу болуына алып келеді. Бұдан басқа сыртқы инвесторлардың аз қызығушылық танытуы жергілікті атқарушы органды әлеуметтік объектілерді, атап айтқанда, білім беру қызметін қолдауға бюджет қаражатының елеулі үлесін бөлуге мәжбүрлейді.

Екіншіден, жақын арада жаңа жұмыс күшінің еңбек нарығына белсенді шығуы күтілуде және оның саны облыстың, атап айтқанда, мұнай-газ секторының жұмысқа орналастыру тұрғысынан мүмкіндіктерінен айтарлықтай асып түсуі мүмкін. Егер жұмыспен қамтудың баламалы көздерін жасамаса, өңірде не кедейшіліктің өсуіне, не жастардың басқа өңірлер мен елдерге кетуіне әкелуі мүмкін, бұл ұзақ мерзімді болашақта оның экономикалық әлеуетін әлсіретеді. Одан бөлек жұмысқа қабылдаудан жаппай бас тарту нәтижесінде облыста халықтың тарапынан жаппай наразылықтың өршуіне әкелуі мүмкін.

8-сурет.
Қазақстанда мұнай өндіру
көлемінің 2060 жылға
дейінгі болжамы



Дереккөз: Energy Insight & Analytics «Kazakhstan Energy Outlook 2024», 80-бет

Energy Insight & Analytics агенттігінің зерттеуі бойынша, 2030 жылдан бастап мұнай секторы Қазақстан үшін өсімнің негізгі драйвері болуын тоқтатады. Бұл бірнеше факторларға байланысты:

- ▲ Кен орындарының сарқылуына байланысты елде мұнай өндірудің құлдырауы. Маңғыстау облысында игеріліп жатқан көптеген кен орындары жетілген сатыда, ал жаңаларын ашу айтарлықтай инвестициялар мен күрделі технологияларды талап етеді.
- ▲ Төмен көміртекті экономикаға жаһандық көшу және көмірсутектерге сұраныстың қысқаруы. Жетекші елдер жаңартылатын энергия көздерін белсенді түрде дамытуда, көміртегі салығын енгізуде және экологиялық талаптарды қатаңдатуда, бұл дәстүрлі мұнай-газ саласының тартымдылығын төмендетеді.
- ▲ ЖЭК рөлінің өсуі дәстүрлі мұнай-газ жобаларын инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Ұзақ мерзімді дамуға бағдарланған елдер өзінің мұнайға тәуелділігін төмендетіп, күн және жел энергетикасына инвестицияларды ұлғайтуда.

Маңғыстау облысы теңіз порты мен көлік дәліздерінің болуына қарамастан, оның экономикалық дамуын шектейтін бірқатар елеулі мәселелермен бетпе-бет келеді. Бұл өңір – Қазақстандағы құрғақшылық болатын өңірлердің бірі, бұл ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамытуды қиындатады. Судың тапшылығы халықтың өмір сүру сапасына әсер етіп, оны тасымалдау және тазалау шығынын ұлғайтады.

Сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау жүйелерінің басым бөлігі Кеңес одағы уақытында салынған және жаңғыртуды талап етеді. Бұл бизнесті жүргізудің өзіндік құнын арттырады және өңірдің инвестициялық тартымдылығын азайтады.

Тек өнеркәсіп орталықтарында ғана автомобиль жолдарын және темір жолды дамытуға көңіл бөлінеді, ал шалғайдағы елді мекендер өңірдің экономикалық жүйесіне жеткіліксіз интеграцияланған күйінде қалып отыр.

Облыстың тәуекелдері мен мүмкіндіктерін көрсету үшін олар бойынша барлық деректер мен қорытындыларды жүйелеу қажет.

SWOT-талдау – бұл өңірдің, компанияның немесе жобаның ағымдағы жай-күйін бағалау үшін пайдаланылатын стратегиялық құрал. Ол ішкі күшті және әлсіз жақтарды, сондай-ақ сыртқы мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтауға көмектеседі, бұл неғұрлым негізделген басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының аясында SWOT-талдауды қолдану оның бәсекелестік артықшылықтарын бағалауға, негізгі тәуекелдерді анықтауға және дамуды қажет ететін бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл – экономикалық стратегияны қалыптастыру үшін және өңірлік деңгейде шешімдер қабылдау үшін маңызды құрал.

9-сурет.

Маңғыстау облысының
SWOT-талдауы



Дереккөз: BCC Invest талдауы

Облыстың мұнай өндіру өнеркәсібіне жоғары тәуелділігінің нәтижесінде қысқа мерзімді болашақта (1 жылға дейін) мұнайдың әлемдік бағасының конъюнктура-сына тәуелділіктің елеулі тәуекелі бар, орта мерзімді болашақта (1 жылдан 5 жылға дейін) жастардың облыстың жұмыс күшінің құрамына өтуі және ұзақ мерзімді болашақта (5 жылдан астам) мұнай өндірудің төмендеуі әлеуметтік шиеленістің өсуіне алып келеді. Жеткіліксіз экономикалық ертаратандыру жағдайында өңірде, әсіресе мұнай-газ секторының қызметкерлері арасында наразылық шеруіне әкелуі мүмкін, олар өндіру көлемі төмендеген және инвестициялар қысқарған

жағдайда тұрақты жұмыс орындарын жоғалтуы мүмкін. Өз кезегінде бұл жастардың елдің басқа өңірлеріне немесе шетелге жаппай кетуіне әкелуі мүмкін, бұл еңбек ресурстарының қысқаруына және облыстың экономикалық әлеуетінің одан әрі әлсіреуіне алып келеді.



Облыстың дамуына болжам жасау

ВСС Invest талдаушыларының алдын ала бағалауы бойынша, Маңғыстау облысының ЖӨӨ 2024 жылдың қорытындысы бойынша 4 653,3 млрд теңгені құрайды, бұл 2023 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 145,4 млрд теңгеге немесе 3,0%-ға төмен.

13-кесте.

2024-2025 жылдарға арналған

Маңғыстау облысының ЖӨӨ

болжам жасау және бағалау


№	Секция	Атауы	2024		2025	
			млрд теңге	НКИ	млрд теңге	НКИ
1		Тауар өндіру	2 484	104,1	2 615	102,1
2	A	Ауыл шаруашылығы	30	101,9	32	104,2
3		Өнеркәсіп	2 281	103,1	2 416	102,5
4	B	Тау-кен өнеркәсібі	1 914	102,7	2 043	102,3
5	C	Өңдеу өнеркәсібі	172	112,8	180	108,4
6	D	Электр энергиясымен жабдықтау	182	96,8	180	99,5
7	E	Сумен жабдықтау	13	102,4	13	100,0
8	F	Құрылыс	172	111,6	168	96,4
9		Қызмет көрсету өндірісі	1 803	93,4	1 892	103,2
10	G	Сауда	318	106,8	336	104,7
11	H	Көлік	321	87,9	331	102,6
12	J	Байланыс	21	105,8	21	101,5
13	L	Жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операциялар	294	99,0	353	99,3
14		Өзге де қызметтер көрсету	849	88,8	850	104,2
15		Жалпы қосылған құн	4 287	99,6	4 507	102,6
16		Азық-түлікке салынатын салық	367	80,8	376	100,0
17		Жалпы өңірлік өнім	4 653	97,2	4 883	102,4

Дереккөз: ВСС Invest талдауы

Алдын ала бағалау бойынша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша облыстың нақты өсімі -2,8%-ды құрайды, бұл көбінесе 2023 жылдың жоғары базасымен түсіндіріледі. Ең көп төмендеу азық-түлікке салынатын салықта байқалды, оның облыстың теріс нәтижесіне 30,5% үлесі болды, одан кейін қызмет көрсетудің басқа да салалары, олар да облыстың нәтижесіне 11,2% немесе 23,5% теріс өсім көрсетті. Бұдан басқа «Көлік және қоймалау» саласы айтарлықтай теріс үлес қосты, оның теріс өсімі облыстың нәтижесіне қосқан үлесі 12,1% немесе 11,1%-ға жетті.

Базалық сценарий бойынша, өзге де тең жағдайлар мен қолайлы сыртқы экономикалық жағдайлар кезінде 2025 жылдан бастап 2030 жылға дейін 1,8% тұрақты орташа жылдық өсу болжанып отыр. 2025 жылы экономикалық өсу 2024 жылғы төмен база мен шикі мұнай өндірудің өсуі аясында 2,4% деңгейінде болжануда. Сонымен негізгі драйвер 2,3% экономикалық өсімі және облыс нәтижесіне 34,0% үлесі бар «Тау-кен өнеркәсібі» саласы болып қала бермек, содан кейін азық-түлікке салынатын салық 28,0% оң үлес қосады. Сондай-ақ «Көтерме және бөлшек сауда» саласы 11,7% және «Өңдеуші өнеркәсіп» саласы 11,3% елеулі үлес қосады.

10-сурет.
Облыстың нақты өсу
динамикасының болжамы



Дереккөз: BCC Invest талдауы, графикте ЭҚЖЖ сай саланың кейбір кодтары көрсетілген

Номиналды мәнде облыстың ЖӨӨ 2024 жылы шамамен 4,6 трлн теңгеге жетеді деп, 2025 жылы 4,9 трлн теңгеге дейін біртіндеп ұлғаяды деп күтілуде, бұл алдыңғы кезеңнің жоғары базасына байланысты кейбір теріс үрдістерге қарамастан, тұрақты өсім көрсетеді. Бұл болжам сандық өзгерістерді ғана емес, өңір экономикасында болып жатқан сапалық өзгерістерді де көрсетеді, бұл Маңғыстау облысының салалық құрылымының ерекшелігін ескере отырып, өте маңызды. Айта кетейік, номиналды ЖӨӨ-дегі негізгі үлесті бұрынғысынша тау-кен өнеркәсібі құрайды, ол шамамен 41-42%, бұл өңірдің әдеттегі шикі мұнай мен ілеспе газды өндіруге мамандануына байланысты. Алайда облыстың одан әрі дамуы экономиканы жүйелі әртараптандыруды талап етеді, ол өңдеуші секторды, сауданы және қызмет көрсету саласын белсенді дамыту, сондай-ақ жаһандық нарықтық ауытқулар жағдайында экономикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілетті жаңа бағыттарды қалыптастыру есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл ретте инфрақұрылымдық жобаларды дамыту және дәстүрлі салаларды жаңғырту орнықты өсімді қамтамасыз ететін шешуші фактор болып табылады. Көмірсутек шикізатына сұраныстың төмендеуінің жаһандық үрдістері және төмен көміртекті экономикаға біртіндеп көшу аясында жоғары технологиялық және шикізаттық емес секторларға инвестицияларға көшудің болашағы зор. Өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін күшейту, тауарлар мен қызметтердің ішкі өндірісі көлемінің өсуі, сондай-ақ Каспий теңізінің порттық мүмкіндіктерін пайдалана

отырып, логистикалық орталықтарды белсенді түрде дамыту дәстүрлі салалар серпінінің уақытша төмендегенін өтей алады. Сауда және қызмет көрсету саласындағы болжамды өсу халықтың сатып алу қабілетін арттыру есебінен сұраныстың ұлғаюымен ғана емес, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының күшеюімен де байланысты, бұл жаңа өндірістік және сервистік бастамалардың пайда болуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Бұдан басқа көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға едәуір көңіл бөлінеді, өйткені логистикаға кететін шығынды азайту өңірдің сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды шарт болып табылады.


Ұзақ мерзімді болашақты қарастыра отырып, BCC Invest талдаушылары облыс экономикасын құрылымдық қайта құруға жүйелі тәсіл қажеттігіне назар аударады. Табиғи ресурстардың шектеулілігі және көмірсутектерін өндіруге қойылатын экологиялық талаптар күшейген кезде өңір неғұрлым жоғары қосылған құны бар өндіріске көшу қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Осыған байланысты инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізу, индустриялық парктер мен технопарктерді дамыту ұсынылады, бұл қосымша жұмыс орындарын ашуға және инвестицияларды шикізаттық емес салаларға қайта бөлуге мүмкіндік береді. Мұндай шаралар экономикалық өсуге ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылыққа да ықпал етеді, өйткені тауарлар мен қызметтер өндірісінің өсуі халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі мен тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Талдамалық болжам сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымға, оның ішінде білім беру және медицина секторларына жеке инвестициялар үшін мүмкіндіктердің кеңеюі өңірлік экономиканың тұрақтылығына оң әсер ететінін көрсетеді, өйткені мемлекеттік трансфертке тәуелділіктің төмендеуі бизнес үшін неғұрлым бәсекеге қабілетті орта құруға мүмкіндік береді.

Облыстың даму болжамы макроэкономикалық көрсеткіштерді, инвестициялық ағындардың динамикасын, әлеуметтік инфрақұрылымның жай-күйі мен инфляциялық процестердің деңгейін кешенді талдаудың нәтижесі болып табылатынын атап өту қажет. 2024 жылы көбінесе салық түсімдерінің құлдырауына және көлік секторы серпінінің баяулауына байланысты өсу қарқынының едәуір төмендеуі байқалғанын ескере отырып, негізгі салаларды әртараптандыруға және жаңғыртуға бағытталған шаралар кешенін іске асырған кезде ғана экономиканы одан әрі қалпына келтіруге мүмкіндік туады. Атап айтқанда, шикі мұнай өндірудің өсуіне болашақта жаңа кен орындарын әзірлеуді кеңейту және қолданыстағы технологиялық процестерді оңтайландыру есебінен қол жеткізілуі мүмкін, бұл облыс экономикасында мұнай-газ секторының жетекші рөлін сақтауға мүмкіндік береді. Алайда мұнайға әлемдік бағаның ауытқуының теріс әсерін жеңілдету үшін өңірлік саясат қосымша құнды қамтамасыз ететін және экономиканың шикізат секторына тәуелділігін азайтатын өндірістік және сервистік салаларды дамытуды ынталандыруға бағытталуы тиіс.

Бұдан басқа болжамда мемлекеттік қаржыны басқару тиімділігін арттыруға байланысты факторлар ескеріледі. Еліміздегі инвестициялардың төмендеуінің жалпы үрдістеріне қарамастан, тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі және капиталдың таза ағынының ұлғаюы Маңғыстау облысы жоғары деңгейде инвестициялық тартымды екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде әрбір инвестицияланған ақша бірлігі қосымша экономикалық белсенділікті тудыруға қабілетті өңірлік даму шеңберінде мультипликативтік әсерді қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды. Инфрақұрылымды жақсарту, энергетикалық және көлік секторларын жаңғырту жөніндегі шаралармен бірге осы фактор 2025 - 2030 жылдар кезеңінде 1,8% деңгейінде орнықты орташа жылдық өсу үшін негіз бола алады, бұл салыстырмалы түрде төмен базаға қарамастан, өңірдің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


11-сурет.

Маңғыстау облысының 2030
жылға дейінгі демографиялық
болжамы, мың адам




Дереккөз: BCC Invest талдауы

Ішкі сұранысты қалыптастыруда және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде негізгі рөл атқаратын облыс дамуының әлеуметтік-демографиялық аспектісін де ескермеуге болмайды. Халық санының, әсіресе жастар есебінен өсуі білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына инвестицияларды ұлғайтуды талап етеді. Бұл ретте дәстүрлі салалардағы еңбек нарығының шамадан тыс толуына байланысты белгілі бір тәуекелге қарамастан, экономикалық қызметтің жаңа салаларын белсенді түрде дамыту осы фактордың орнын толтыра алады. Әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жақсарту және халықтың сатып алу қабілетін арттыру ішкі нарықтың дамуына ықпал етеді және бөлшек сауда мен қызмет көрсету саласының өсуін ынталандырады. Бюджеттік жоспарлау және трансферттерді бөлу саласындағы мемлекеттік саясат жеке кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталғаны маңызды, бұл өңірдің сыртқы инвестицияларға тәуелділігін қысқартып қана қоймай, халықтың тұрмыс деңгейін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



12-сурет.
2030 жылға арналған
жыныстық-жастық
демографиялық пирамиданың
болжамы, адам



Дереккөз: BCC Invest талдауы

Сонымен Маңғыстау облысының даму болжамы көп аспектілі және дәстүрлі салаларды да, экономикалық өсудің жаңа бағыттарын да ескереді. Ол экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту және жеке инвестицияларды жандандыру жөніндегі шаралар кешенін іске асырған кезде, өңір өзінің ағымдағы позициясын сақтап қана қоймай, орнықты дамуда айтарлықтай ілгерілей алады деп болжайды. Бұл стратегия шикізат секторына тәуелділікті төмендетуге және жаһандық нарықтың өзгермелі жағдайларына бейімделуге қабілетті бәсекеге қабілетті, инновациялық экономиканы қалыптастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Қысқа мерзімді қиындықтар мен тәуекелге қарамастан, болжамды көрсеткіштерді іске асыру инвестициялық ахуалды жақсартуға және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін өңірдің теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жиынтығында осы шаралардың барлығы экономиканы дамытуға жүйелі тәсілді білдіреді, бұл ретте инновациялар, әртараптандыру және жаңғырту негізгі элементтерге айналады, бұл сөзсіз болашақта орнықты және серпінді экономикалық өсудің негізі болып табылады.



BCC Invest

талдаушыларының

ұсынымдары

BCC Invest сарапшылары Маңғыстау облысының орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдардың кешенді жиынтығын ұсынады, ол экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту және инвестициялық белсенділікті жандандыру жөніндегі стратегиялық шараларды іске асыруды білдіреді. Бұл ретте экономикалық қызметтің жаңа бағыттарын қалыптастыру үшін негіз бола алатын едәуір пайдаланылмаған әлеует анықталған өңірдің шығыс бөлігін дамытуға ерекше назар аударылады. Дәстүрлі мұнай-газ секторы біртіндеп өзінің басым рөлін жоғалтқан жағдайда, жоғары білікті мамандар мен инвесторлардың келуін қамтамасыз етуге қабілетті қазіргі заманғы технологиялық кластерлерді құруға баса назар аударылады. Бұл тұрғыда негізгі бағыттардың бірі – жерасты үй-жайларын табиғи салқындатуды пайдалану есебінен серверлік жабдықтың жұмысы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ете алатын жерасты дата-орталықтарын құру жобасын әзірлеу. Мұндай тәсіл энергетикалық тиімділікті арттырып қана қоймай, цифрлық технологиялардың әлемдік нарығында бәсекеге қабілетті инновациялық орталық ретінде өңірдің қолайлы имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін негіз болуға тиіс білім беру және медициналық мекемелерді қамтитын әлеуметтік инфрақұрылымды қолдау және кеңейту даму стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Маңғыстау облысы экономикалық белсенді емес халықтың, оның ішінде балалар мен жастардың көп санының шоғырлануының жоғары деңгейімен сипатталатынын ескере отырып, білім беру және денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға ерекше назар аудару қажет. Жаңа жеке меншік мекемелерді құруды ынталандыру, қазіргі заманғы білім беру бағдарламаларын енгізу және медициналық қызметтердің сапасын арттыру халықтың өсіп келе жатқан қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, өңірдің инновациялық дамуын қолдауға қабілетті жоғары білікті кадрлар резервін қалыптастыру үшін алғышарттар жасауға қабілетті. Бюджет ресурстары шектеулі болған жағдайда мемлекеттік қолдау шаралары мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бойынша бастамалармен толықтырылуы мүмкін, бұл қосымша инвестициялар тартуға және әлеуметтік объектілердің орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Облысты дамыту стратегиясында климаттық шектеулерді еңсеруге және табиғи ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға бағытталған экологиялық және аграрлық-инновациялық жобаларға ерекше мән беріледі. Құрғақ климат және су ресурстары шектеулі болған жағдайда шөлді аумақтарды суаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жасанды ирригациялық жүйелерді құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Мұндай жүйелерді әзірлеу және енгізу аграрлық секторды дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және ауылдарда жаңа жұмыс орындарын ашуға негіз бола алады. Сонымен қатар күн электр станцияларын салу үшін шөлейт аумақтардың едәуір ауданын пайдалану ұсынылады, бұл өңірдің дәстүрлі энергия көздеріне энергетикалық тәуелділігін төмендетіп қана қоймай, «жасыл» электр энергиясын экспорттау есебінен қосымша табыс көзін ашуға мүмкіндік береді. Осы жобаларды іске асыру техникалық жаңғырту, мемлекет тарапынан қолдау көрсету және жекеменшік сектордың белсенді қатысуы қамтылатын кешенді тәсілді талап етеді, бұл табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімді тетігін құруға және жаңартылатын энергетиканы дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Тағы бір шарамен Маңғыстау облысының бірегей табиғи, тарихи-мәдени және рекреациялық ресурстарын пайдалануға негізделген туристік инфрақұрылымды дамыту ұсынылады. Ол үшін орналастыру объектілерін жаңғыртуға және келушілерге жайлы жағдай жасалуын қамтамасыз етуге қабілетті қазіргі заманғы туристік орталықтар құруға белсенді түрде инвестициялау қажет. 2025 жылғы 28 қаңтардағы ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі туризмді дамытуға ерекше назар аударды:

«Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр.

Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет.

Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер.

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын. Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің әлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты».

Бұл ретте табиғи парктерді, тарихи ескерткіштер мен ойын-сауық аймақтарын біріктіретін интеграцияланған туристік кластерлерді қалыптастыру жергілікті бизнестің күш-жігерін үйлестіру, инвестициялар тарту және ішкі және халықаралық туристік ағынды едәуір ұлғайтуға қабілетті бірыңғай туристік брендті қалыптастыру есебінен синергетикалық әсерге қол жеткізуге, сондай-ақ қонақжайлылық саласындағы мамандандырылған білім беру бағдарламалары арқылы білікті кадрлар даярлауды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Еліміз бойынша тікелей шетелдік инвестициялар көлемі жалпы төмендеген жағдайда, Маңғыстау облысы оң динамиканы көрсетіп отыр, бұл оның жоғары инвестициялық тартымдылығын айғақтайды. Капиталды тартудың тиімділігін одан әрі арттыру үшін заманауи инфрақұрылыммен жарақтандырылған және инвесторлар үшін әкімшілік және салықтық преференциялардың толық кешенін ұсынатын арнайы индустриялық аймақтар құру қажет. Мұндай шаралар жаңа инвестициялар ағынын ынталандырып қана қоймай, экономиканың шикізаттық емес салаларының пайдасына инвестициялық ағындарды қайта бөлуді қамтамасыз етеді, бұл ұзақ мерзімді болашақта өңірдің өндіруші секторға тәуелділігін төмендетуге ықпал етеді. Бұдан бөлек сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйелерін жаңартуды қоса алғанда, көлік және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, бұл облыстың экономикалық белсенділігі мен ЖӨӨ өсуіне оң әсерін тигізеді.

Бұдан басқа облыстың логистикалық әлеуетін күшейту мақсатында инфрақұрылымды кешенді дамыту. Бұл ретте ішкі өңірлерді Каспий теңізіне шыға алатын жағалау аймақтарымен байланыстыратын көлік дәліздерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру ерекше маңызды. Озық технологиялармен және басқару жүйелерімен жарақтандырылған заманауи логистикалық орталықтарды құру сыртқы сауда операцияларын оңтайландыруға, тасымалдау тиімділігін арттыруға және шикізат пен дайын өнімді тасымалдауға байланысты шығынды қысқартуға мүмкіндік береді. Дамудың мұндай бағыты қолданыстағы инфрақұрылымдық объектілерді жаңартуды ғана емес, сонымен бірге ірі халықаралық компаниялар қатарынан инвесторлар тартуға бағдарланған жаңа өнеркәсіп аймақтарын құруды көздейді, бұл өз кезегінде экономиканы әртараптандыруға және өңірдегі бәсекелестікті күшейтуге ықпал етеді.

Кеңейтілген отырыс барысында Президент сондай-ақ былайша атап өтті:

«Енді көлік-логистика инфрақұрылымына тоқталайық.

Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толықтай әрі тиімді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек.

«Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа темір жол құрылысын бастауды тапсырамын. Сондай-ақ Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғырту керек. Алтынкөл – Жетіген» темір жолын да кеңейту қажет. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін едәуір арттырады. Бұдан бөлек, темір жол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды».

Сәйкесінше өңірдің стратегиялық логистикалық әлеуетін пайдалану. Осы бағытта порт инфрақұрылымын жаңғыртуға, заманауи терминалдармен жасақтауға және қойма процестерін автоматтандыруға басты назар аударылады, бұл теңіз тораптарының өткізу қабілетін едәуір ұлғайтуға және операциялық шығынды азайтуға мүмкіндік береді. Теңіз, теміржол және автомобиль көлігінің мүмкіндіктерін біріктіретін тораптарды құру, сондай-ақ логистикалық ағындарды жоспарлау және мониторинг жүргізуді оңтайландыру үшін цифрлық технологияларды енгізу өнеркәсіптік сектор мен сыртқы сауда операцияларының арасындағы жедел әрі тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Сонымен бірге теміржол қатынасын кешенді жаңғырту қарастырылады. Қолданыстағы желілерді жаңарту, жолдарды күрделі жөндеу, заманауи дабыл жүйелерін енгізу және техникалық паркті жаңарту, сондай-ақ негізгі өндірістік және экспорттық аймақтарды қосатын жаңа теміржол дәліздерін салу көлік шығынын едәуір азайтуға және жүк тасымалын жеделдетуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетіктері арқылы инвестициялар тарту және теміржол желісін халықаралық көлік дәліздеріне ықпалдастыру сыртқы сауда операцияларын жандандыру үшін және облыстың жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін берік іргетасты қалайды.

Тағы бір маңызды бағыт – өңірде инновациялық кластерді қалыптастыру үшін жағдай жасау, ол ақпараттық технологияларды, телекоммуникациялар мен аралас салалар саласындағы компанияларды біріктіреді. Осы жобаны іске асыру мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары мен жекеменшік кәсіпорындардың арасындағы белсенді ынтымақтастықты көздейді, бұл жаңа технологияларды енгізуді жеделдетіп қана қоймай, жоғары технологиялық салаларды дамыту үшін орнықты экожүйе құруға мүмкіндік береді. Халықаралық серіктестер мен инвесторларды тарту, сондай-ақ цифрландыру және инновациялық даму саласындағы шет елдердің озық тәжірибесін белсенді түрде пайдалану өңір экономикасын трансформациялау үшін және оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды драйвер болады.

Бұдан бөлек BCC Invest талдаушылары Маңғыстау облысында ESG принциптерін іске асыруды маңызды деп санайды, атап айтқанда, мұнай көлдерінің учаскелерін тазарту қажет. Экологиялық жауапкершілікке қойылатын талаптарды күшейткен кезде ластану ауқымын айқындау және ағудың негізгі көздерін анықтау үшін жан-жақты экологиялық аудит жүргізу – бірінші кезектегі міндет. Алынған деректердің негізінде биоремедиация, химиялық өңдеу және механикалық тазарту сияқты озық технологияларды, сондай-ақ наноматериалдар мен биоактивті агенттерді қолданып, инновациялық әдістерді пайдаланып, ластанған аумақтарды рекультивациялаудың және тазартудың егжей-тегжейлі бағдарламалары әзірленеді. Халықаралық экологиялық қорлармен, зерттеу институттарымен және жекеменшік компаниялармен серіктестік қатынастар орнату қосымша қаржылық және технологиялық ресурстарды тартуға мүмкіндік береді, бұл экологиялық ахуалды және ауысудың сапасын жақсартып қана қоймай, қолайлы инвестициялық ахуал мен облыс экономикасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қалыптастыруға ықпал ете отырып, экологиялық туризм мен өзге де шикізаттық емес салаларды дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Ұсынылған бастамаларды іске асыру мұнай-газ секторы сияқты дәстүрлі салалар инновациялық бағыттармен және шикізаттық емес салалармен үйлесетін заманауи, әртараптандырылған экономиканы қалыптастыру үшін негіз қалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ЖӨӨ-нің тұрақты өсуін, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және ішкі және шетелдік капиталды тартуға қабілетті қолайлы инвестициялық ахуал жасауды қамтамасыз етеді. Жаһандық экономикалық тұрақсыздық және дамудың төмен көміртекті моделіне біртіндеп көшу жағдай-

ында инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік салаларды қолдау, өндірісті жаңғырту және инновациялық белсенділікті ынталандыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру ұзақ мерзімді болашақта немесе 2030 жылдан кейін өңірді орнықты дамыту үшін қажетті ғана емес, сонымен қатар өмірлік маңызды міндет болып табылады. Energy Insight & Analytics болжамдары бойынша, келесі онжылдықта мұнай өндіру көлемінің айтарлықтай төмендеуі болжанып отыр, бұл облыстың ағымдағы жағдайына елеулі теріс экономикалық және әлеуметтік әсер береді.

Қорытындылай келе, ұсынылатын шараларға мыналар жатады:

1 Облыстың кең аумағын:

- a Дата-орталықтарын құруға;
- b Жасанды суарумен аграрлық әлеуетті кеңейтуге пайдалану;
- c Күн электр станцияларын салу;
- d Туристік саланы дамыту.

2 Логистикалық әлеуетті кеңейту:

- a Жұмыс істеп тұрған теңіз порттарын жаңғырту;
- b Үлкен кемелер үшін теңіз түбін тереңдету;
- c Қойма инфрақұрылымы мен логистикалық тізбектерді жетілдіру есебінен жерүсті және теңіз көлік дәліздері бойынша жүк айналымын жақсарту;
- d Теміржолды техникалық жаңарту.

3 Мыналар үшін:

- a Жеке білім беру мекемелерінің санын ұлғайту үшін;
- b Жеке меншік медициналық мекемелер желісін кеңейту үшін жекеменшік және мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті кеңейту;
- c Мамандандырылған индустриялық аймақтарды реконструкциялау және жаңғырту;
- d ESG жауапкершілік принциптерінің сақталуын қамтамасыз ету.



Қысқарған сөздер тізімі

№	Акроним	Толық атауы
1	АҚ	Акционерлік қоғам
2	Ауыл шаруашылығы	Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы
3	ӘК	Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі
4	ӘС	Әлеуметтік салық
5	ЖЗТ	Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар
6	ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
7	ЖҚҚ	Жалпы қосылған құн
8	ЖӨӨ	Жалпы өңірлік өнім
9	ЖТС	Жеке табыс салығы
10	ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
11	ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
12	Көлік	Көлік және қоймалау
13	КТС	Корпоративтік табыс салығы
14	қ.ә.	Қала әкімшілігі
15	ҚМ	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
16	ҚР	Қазақстан Республикасы
17	МКК	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
18	НКИ	Нақты көлем индексі
19	ӨӨИ	Өнеркәсіптік өндіріс индексі
20	СА	Салық аударымдары
21	Сауда	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу
22	ССА	Сыртқы сауда айналымы
23	СЭҚ ТН	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы
24	ТИЖА	Тікелей инвестициялардың жалпы ағыны
25	ТИТА	Тікелей инвестициялардың таза ағыны
26	ткм	Тонно километр
27	ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
28	ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
29	ЭҚЖЖ	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
30	ESG	Environmental - Social - Governance
31	SWOT	Strengths - Weaknesses - Opportunities - Threats